

"Қызылорда энергия орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы қалалық мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының"Қызылорда жылу желілері шаруашылық жүргізу құқығындағы еншілес мемлекеттік кәсіпорнының конкурстық массасын өткізудің ерекше шарттары мен тәртібі туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 4 қазандағы N 999 Қаулысы

"Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21 қаңтардағы Заңының 2-бабының 4-тармағына сәйкес, табиғи монополия субъектісі болып табылатын "Қызылорда энергия орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы қалалық мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының» "Қызылорда жылу желілері" шаруашылық жүргізу құқығындағы еншілес мемлекеттік кәсіпорнын (бұдан әрі - Кәсіпорын) банкрот деп тануға байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ :**

1. Мыналарды көздейтін "Қызылорда энергия орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы қалалық мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының "Қызылорда жылу желілері" шаруашылық жүргізу құқығындағы еншілес мемлекеттік кәсіпорнының конкурстық массасын өткізудің ерекше шарттары мен тәртібі белгіленсін:

1) Кәсіпорынның өндірістің біртұтас технологиялық циклін қамтамасыз ететін мүлкін бірыңғай лотпен (бұдан әрі - лот) сатуды;

2) лотты сатудың ең төменгі бағасын әкімшілік шығыстар мен бірінші және екінші кезектегі кредиторлардың талап сомаларынан төмен емес етіп белгілеуді;

3) Қызылорда облысының әкімділігімен келісілген сатып алынатын мүлікті пайдалану бойынша өндірістік бағдарламасы бар тұлғалардың аукционға қатысуын;

4) технологиялық циклдің үздіксіздігін сақтай отырып, банкроттық рәсімін өткізуді.

2. Лотты сатып алушыларға мынадай қосымша талаптар белгіленсін:

1) қызмет бейінін, тұтынушылармен шарттарды және көрсетілетін қызмет көлемін сақтау жөніндегі міндеттемелерді қабылдау;

2) жылу энергиясын өндіру, беру және тарату жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиялардың болуы;

3) Кәсіпорынның технологиялық процеске қамтылған қызметкерлерімен еңбек шарттарын жасасуды қамтамасыз ету.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрі В.С. Школьникке жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК